Ақтау ауылдық округінің жергілікті қауымдастық жиналысының
№4 хаттамасы

Ақтау ауылы **11 шілде 2025 жыл**

Жиын төрағасы:Шинбаев Н-жергілікті қауымдастық төрағасы
Жиын хатшысы:Сариев А -жергілікті қауымдастық мүшесі
Жиынға қатысушылар саны:15 адам (жергілікті қоғамдастық мүшелері 8 адам)

Күн тәртібі:

1. Ауылымызға бөлінген қаражатты бір көзден алу тәсілімен ауылымызға керек жұмыстарды сатып алу мәселелері туралы

(хабарламашы-Б.Имашев Ақтау ауылдық округінің әкімі)

Тыңдалды:

Ақтау ауылдық округінің әкімі Б.Имашев күн тәртібіндегі мәселе бойынша хабарлама жасады.

Құрметті ауыл азаматтары мен әріптестер! Сіздермен кездесіп отырғанымыз, Ақтау ауылымызға көң-қоқыс орнын тереңдетіп қазып, көму жұмыстарына 6000,0 мың теңге қаражат бөлінген болатын. Алайда тұрғындардың сұрауы бойынша балалар ойын алаңдарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 3000,0 мың теңгесін балалар ойын алаңдарының ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 011 елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру бағдарламасына ауыстыру жөнінде Тасқала ауданының әкім Т.А.Шакировпен Тасқала ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Л.Тастембековаға ұсыныс хатпен алдыңғы жиналыс хаттамасы жолданған болатын. Қазіргі уақытта Қаулы жобасы дайындалып жатыр. Ендігі мәселе көң-қоқыс орнын тазалап, қыру жұмыстарын жүргізу үшін , бір көзден алу тәсілімен ауылымызға керек жұмыстарды сатып алуға сіздер жақтан жақсы, адал жұмысын атқаратын мердігерлер болса, өйткені 2024 жылы баға сұрату тәсілімен 2 мердігер қатысып, екеуі де мемлекеттік сатып алуда жозықсыз деп танылып, жұмыстар ауа-райының бұзылуына байланысты, атқарылмай қалған болатын. Сол себепті, көң-қоқыс орнына бөлінген қаражатты толығымен игеріп, мақсатты жою үшін, адал жұмысын атқаратын мердігерді өздеріңіз ақылдасып ұсынсаңыз. Осы жоғарыда аталған мәселені ортаға салып, бір шешімге келсек .

Енді екінші мәселе, ол өткен жылы ауылымызға пластикалық бөтелкелер контейнерін дайындатып, орнатқан болатынбыз. Бірақ ауылымыздың арғы бетіне жетпей ауыл тұрғындарының сұрауы бойынша биыл 17 дана контейнер дайындау жұмыстарын, бөлінген қаражат соммасы 850,0 мың теңге. Ауылымыздың азаматы, Жаукенов Мақсатқа бір көзден алу тәсілімен пластикалық бөтелкелерге арналған контейнер жұмысын жасатсақ деген ұсыныс бар. «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысып, несие алып, қазіргі уақытта темірден неше түрлі, сапалы бұйымдар жасап жатыр.Және де ауылымыздың азаматын қолдау мақсатында. Өз пікір, ұсыныстарыңызды айта отырыңыздар.

Үшінші мәселе, жыл сайын көктемгі су тасқынан кейін ауылымыздың арғы бетіндегі бөгетті қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу. Бөлінген қаражат соммасы 3000,0 мың теңге. Бұл жұмысты да бір көзден алу тәсілімен сіздер ұсыныс жасаған мердігерлерге жұмыстарын толығымен жасатуымыз керек.

Себебі жыл сайын шайып кетпейтіндей етіп, осы жерде отырған барша азаматты осы жұмыстар толығымен біткенше қадағалап, қарап, ұсыныстарыңызды айтып, осы жұмыстарды атқара алатын, техникалары бар мердігерлерді талқылап, мүмкіндігімізше ауылдың, ауданның азаматтары болса, қазіргі уақытта салықтар тұрғылықты мекен жай бойынша түсіп отырадыға, соны да ескеру керек.

Барлық жеке кәсіпкердерлерден баға ұсынысы (ценовое предложение) алынды, бағалары басқа жеке кәсіпкерлерге қарағанда төмен.

А.Кушалиев (жергілікті қауымдастық мүшесі) –өз тарапымнан сіздің айтқаныңызбен келісемін. Ауылымыздың тұрғыны Мақсаттың шағын бизнесін қолдап, көмектесу бағытында ауылымызға контейнер дайындау жұмыстарын сол жасаған орынды деп ойлаймын. Басқалары да келісімдерін береді деген ойдамын.

М.Насыров жергілікті қауымдастық мүшесі – айтуыңыз орынды, ия қазіргі уақытта ауылымызға бөлінген қаражатты мақсатына қарай жұмсап, жұмыстардың толығымен сапалы жасалғаны ауылымызға жақсы . Осы көң – қоқыс орнын тазалау және тегістеу жұмыстарын Сакпиреев Бауржанға тапсырсақ. Бірнеше жыл бойы ауылымызда шағын жұмыстармен ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Техникалары да бар. Ауылымызға бірнеше рет құммен көмектесіп, ауылымыздың дамуына үлесін қосып жүр.

Б.Темірбеков жергілікті қауымдастық мүшесі – Бауржан Серикович, жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы орынды. Ауылымыздың азаматын қолдаймыз әрине. Сонымен қатар Бауржанның да жұмысын көріп жүрміз. Ендігі мына бөгет бойынша айтайын дегенім, жыл сайын көктемгі су тасқынынан кейін бөгеттің суы далаға кетеді, жазғы уақытта жайлымда жүрген малдарға обал. Сол себепті бөлінген қаражат жетсе, тереңдетіп, дұрыстап жасалатынын, жасалғанын қарап, мүмкіндігімізше көмектесеміз. Аталған жұмысты Ғаббасов Нұрға тапсырсақ деген ұсыныс тастағым келеді. Өйткені оның техникалары бар. Осы ауданымыздың тұрғыны. Олда бізге қарсылық білдірмей, жұмыстарымызды толық атқарып береді деген ойдамын.

ЖИНАЛЫС ШЕШІМІ:

Ауылымызға бөлінген қаржыны мақсатына қарай тиімді жұмсау бағытында және шағын бизнесті қолдау негізінде төменде аталған жұмыстар мемлекеттік сатып алу порталында бір көзден алу тәсілімен орналастырылып, уақылыты жариялансын.

1. Ауылымыздың арғы бетіне пластикалық бөтелкелерге арналған контейнерлер дайындау жұмыстары – Жаукенов Мақсат.
2. Көң – қоқыс орнын тазалау, қазу, тегістеу жұмыстары – Сакпиреев Бауржан.
3. Көктемгі су тасқынынан кейін бөгетті қалпына келтіру жұмыстары – Ғаббасов Нұр.

Жиналыс төрағасы **Н.Шинбаев**

Жиналыс хатшысы **А.Сариев**